

Болатхан Әлия

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: a7770154191@gmail.com, тел.: +7 707 557 1791

**«АЙТЫЛҒАН ТАРИХ» ҒЫЛЫМИ БАҒЫТЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН**

Мақалада «айтылған тарихтың» халықаралық даму тарихы, оның ғылыми бағыт ретінде қалыптасуына ықпал еткен маңызды факторлары мен басты кезеңдеріне сараптамалық шолу жасалды. Ғылыми бағыттың құрылымдық сипатына кешенді түрде талдау беру арқылы «айтылған тарихтың» әдіс ретінде ғылыми зерттеулер жүргізу құралына айналуы, дерек көзі ретінде жаңа мағлұматтармен қамтамасыз етуі, пән ретінде теория мен тәжірибені үйлестіруі, қозғалыс ретінде тарихқа демократиялық үндеу беру мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: айтылған тарих, тарихи жад, әлеуметтік тарих, зерттеу әдісі, пәнаралық зерттеу.

Bolatkhana Aliya

Doctoral student of the Kazakh National Pedagogical University Abay,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: a7770154191@gmail.com, +7 707 557 1791

From the history of the formation of the scientific direction of «oral history»

The article considers the main stages and factors of development of «oral history» as a field of historical science, analysis of the international practice of oral history as a research method, the special features of the formation of new historical sources for the reconstruction true history.

Also in this article were considered features of functioning as a scientific discipline in the academic sphere, as an international movement in historical studies of the problems of democratization of history.

Key words: oral history, historical memory, social history, research method, interdisciplinary research.

Болатхан Әлия

докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: a7770154191@gmail.com, тел.: +7 707 557 1791

Из истории формирования научного направления «устной истории»

В статье рассматриваются основные этапы и факторы развития «устной истории» как направления науки, анализ мировой практики применения устной истории, как метода исследования, особенностей формирования новых исторических источников для реконструкции исторической действительности. Также в данной статье были рассмотрены особенности функционирования как научной дисциплины в академической сфере, как международное движение в исторических исследованиях проблем демократизации истории.

Ключевые слова: устная история, историческая память, социальная история, метод исследования, междисциплинарные исследования.

Кіріспе

Отандық тарих ғылымы үшін «Oral History» жаңадан қолға алынып жатқан тәжірибелер қатарында. Қазақ тілінде ғылыми айна-

лымға «айтылған тарих» деп енгізілген түсінік халықаралық деңгейде белгіленген тұжырымдарға негізделі аударылған. Салыстырмалы түрде қысқа мерзім аралығында қарқынды даму нәтижесінде үлкен серпіліс алған «айтылған

тарих» анықтамалық тұрғыдан әлі де түрлі пікір-таластар туғызуда.

XX ғ. II жартысынан бастап тарихи зерттеулердің халықаралық қозғалысы ретінде танылған «Айтылған тарихтың» *әдіс* ретінде ғылыми зерттеулер жүргізу құралына айналуы, *дерек көзі* ретінде жаңа мағлұматтармен қамтамасыз етуі, *пән* ретінде теория мен тәжірибені үйлестіруі, *қозғалыс* ретінде қоғамдық тарихқа демократиялық үндеу беруі мәселенің өзектілігін ашып көрсетеді (1-сызба).

«Айтылған тарих» қазіргі заманғы зерттеулер үшін қолданылатын дерек көздерін құрумен шектелмей, болашақта мұрағат қорларынан табылатын материалдар жинастырумен айналысатындықтан оның ғылыми бағыт ретінде маңыздылығы зор. «Айтылған тарихпен» айналысушы ғылыми зерттеушілік көзқарас тұрғысынан түрлі ғылыми бағыттарға сүйенеді; болған жәйтті баяндау арқылы – тарихшы, қарастырып отырған кезеңде өмір сүрген адамдар санасын жайлаған ойлар желісін анықтау ұмтылысында – антрополог, далалық зерттеулер жүргізу нәтижесінде – фольклорист, этнограф, лингвист, жаңа дерек көзін құрушы жүгін арқалайды.

Мемлекет немесе ұлы тұлғалар қайраткерлігі үстемдігі сезілетін дәстүрлі саяси тарихи зерттеулердің қоғам, оның құрылымдық бөлшектері мен оған қатысты үрдістер басты назарға алынатын әлеуметтік тарих зерттеулерімен ығыстырылуы нәтижесінде «жад» тарихи дерек көзі ретінде мойындалып, *тарихты демократияландыру қозғалысының негізі қаланды*.

«Айтылған тарих» әдіс ретінде

Ғылыми ізденістерде қолданылатын жаңа дерек көздерін құру қажеттілігінен ғылыми айналымға еніп, бүгінде тарих ғылымының бір *бағыты* ретінде мойындалатын «айтылған тарихтың» қалыптасуы мен даму тарихы төрт кезеңге бөліп қарастырылады (Айтылған тарих, 2015: 85).

Тарихты зерттеу әдісі ретінде кеңінен қолданысқа енген «айтылған тарихтың» даму кезеңі болып табылатын 1960-1970 жылдар ұжымдық бірегейлік сезімін нақтылауға құлшыныстары күшті әлеуметтік топтар белсенділігімен ерекшеленді. Сонымен қатар, қарастырып отырған кезең шеңберінде «айтылған тарихтың» тұтас қозғалыс сипатын алуы тарихты демократияландыру қажеттіліктерімен негізделді (Thompson, 2000: 384). Өткен күндер тарихын жазу, әлеуметтік маңызды зерттеулер жүргізуде

жаңа дерек көздерін іздестіру және ресми тарих назарынан тыс қалған қоғам мүшелерінің үндеулеріне бет бұру ұмтылыстарынан бастау алған. Басқа дерек көздерінен табылуы екіталай жекелеген ұлттардың бірегейлік мәселелері, қоғамның түрлі әлеуметтік топ немесе топ өкілдерінің тарихи шындыққа қатысты өзіндік пікірлерін көрсететін мәліметтер тапшылығы, олардың қоғамдағы алатын орны мен мәселелі жағдайларына назар аударту қажеттіліктері зерттеушілер қауымы алдында тұрған күрделі тапсырма еді.

1960-1980 жж. тарих, әлеуметтану, антропология және т.с.с. жекелеген ғылым өкілдері өз зерттеулерінде пәнаралық ізденістер шеңберінде туындаған мәселелер шешімін табатын қолайлы зерттеу әдісі ретінде «айтылған тарихқа» жүгінді. Әсіресе, әлеуметтік тарихпен айналысушылар тарапынан аса қызығушылыққа ие болған «айтылған тарих» зерттеу әдісі қоғамда орын алған әлеуметтік және саяси үрдістер ерекшеліктері мен қозғалыстар тарихын жазуда кеңінен қолданылды. Еңбек тарихы, гендерлік тарих, күнделікті өмір тарихы, ұстанымдық тұрғыдан қоғамның «азшылық» категориясындағы әлеуметтік топ өкілдерінің тарихын зерттеу легі серпіліс алып, көптеген ғылыми жобалар мен басылымдар негізі қаланды (Репина, 1998: 18). Мәселен, 1958 жылы «Comparative Studies in Society and History» («Қоғам мен тарихты салыстырмалы зерттеу»), 1963 жылы «Labor History» («Еңбек тарихы»), 1967 жылы «Journal of Social History» («Әлеуметтік тарих журналы»), 1970 жылы «Journal of Interdisciplinary History» («Пәнаралық тарих журналы»), 1975 жылы «Journal of Family History» («Отбасы тарихы журналы»), «Social History» («Әлеуметтік тарих»), «Geschichte und Gesellschaft» («Тарих және қоғам»), 1976 жылы «Social Science History» («Әлеуметтік ғылым тарихы»), 1988 жылы «Journal of Historical Sociology» («Тарихи әлеуметтану журналы») және т.б. (Mahoney, 2003: 20).

Осылайша, адам тұлғасы бірінші орынға қойылатын әлеуметтік тарих жазу мақсатымен қолданысқа енгізілген «айтылған тарих» ғылыми – зерттеу әдісі ретінде мүмкіндік береді:

– басқа дерек көздерінен табылмаған (жазылмайтын) немесе өзге әдістер негізінде алу мүмкін емес жаңа мағлұмат жинастыруға;

– көп жағдайда мұқият іріктеуден өтіп, ресми құжаттар ретінде сақтауға берілген мұрағат қорларындағы жазбаша дерек көздерінде жіберілген бұрмалау ұмтылыстарын көруге;

– қарапайым адамның күнделікті өмірінде орын алған түрлі аспектілер арасындағы байланыстылықты терең түсінуге.

«Айтылған тарих» зерттеу әдісі жоғарыда атап өткендей, басқа тарихи дерек көздерінен табылмаған мәліметтермен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, тарих ғылымында орын алған антропологиялық және лингвистикалық бетбұрыс нәтижесінде ресми құжаттарға қатысты орын алуы мүмкін идеологиялық ықпал, сұрыптау тәртіптерінің ерекшеліктері, жеке көзқарастың басымдылық алу мүмкіндіктері және тағы басқа да факторлар мұрағат қорларында сақталған деректерге сыни тұрғыдан қарау талаптары артты. Тарихи зерттеулер жүргізуде болмысы қарапайым адам куәгерліктерін ескере қарау қажеттілігі «айтылған тарих» негізінде жаңа дерек көздерін жинаудың үлкен науқанға айналуына ықпал етті.

Өткен тарихты қазіргі заманғы деректерге сүйене зерттеуге мүмкіндік ретінде «айтылған тарих» әдісі әлеуметтік үрдістерді әрбір респонденттің айтылған жеке өмір тарихы негізінде зерттеу емес, бұл қоғамның құрамдас бір бөлігі болып табылатын қарапайым адамдарға назар аударту, қоғам үнін ести білуге ұмтылыс.

«Айтылған тарих» әдісін қолдану үрдісі үш кезеңге бөліп қарастырылады: *дайындық, жүзеге асыру және қорытындылау*. Бірінші кезеңде, жалпы зерттеу бағдарламасы негізінде зерттеу әдісін пайдалану бағдарламасы құрылып, қажетті құралдарды дайындау қолға алынады. Екінші кезеңде, зерттеу құралдарын іске қосу жолымен материал жинау, қажетті ақпарат алу көзделеді. Үшінші кезеңді қолда бар материалдарды қорытындылау, талдау, қорытындыларын зерттеу, өңдеу, нәтижелігін бағалау үрдістері құрайды.

«Айтылған тарих» өте қарапайым, бір қарағанда өте қол жетімді, кез келген ниет білдіруші қолдана алатын мағлұмат жинау әдісі ретінде түсінік беруі мүмкін: диктофон ал да қызықтырған сұрағыңды қойып, қорытынды ретінде жазбаларды алға ұсын. Алайда, зерттеу әдісінің маңыздылығы, оның күрділі құрылымдық ғылыми қызметімен дәлелденеді; ғылыми-теориялық логика негізінде зерттеу мәселесін талдау және болжамдар ұсыну, тұжырымдық модель құрастыру, тәжірибелік ұсыныстар даярлау. Кәсіби біліктілік және әлеуметтік-психологиялық даярлық зерттеу барысында туындауы мүмкін көптеген нюанстарды аңғару мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Мәселен, айтылған тарих сұхбаты барысында алынатын мәліметтер мен ақпарат сапасы сұхбат алушы тұлғалығы, оның этикалық нормаларды ұстануы, респондент тарапынан берілген жауаптарға реакциясы, зерттеу құралдарын меңгеру деңгейі және т.б. көптеген факторларға тәуелді болып келеді. Әсіресе, сауалнама сұрақтарының зерттеу жоспары мен логикалық сәйкестікте құрастырылуына ерекше мән берілуі тиіс.

«Айтылған тарих» сауалнамасында арнайы схеманың қамтылуы, онда дұрыс сұрақтардан қойылуы маңызды; субъективтіліктің маңызды сұрақтары, сана сезім, идеология, бірегейлік мәселелерін, адамның өткен өмір тарихын ашатын сұрақтар. Маңызды сұрақтар – даталық нақтылықты меңзейтін сұрақтар емес, дұрыс: тарихнамалық, тарихи сипаттағы сұрақтар (Vanek, 2013: 80).

Дерек көзі ретінде

«Айтылған тарих» мақсаты – айтылған немесе жазбаша, ресми және бейресми деректер қарама-қайшылықтарын көрсету негізінде өзінің маңыздылығын көрсету емес, шынайы тарих жазу мақсатымен тарихи мәселелерді объективті талдау жасау мүмкіндіктерін қарастыру.

«Айтылған тарих» ғылыми бағыт ретінде қалыптасу ұзақ жолында дерек көзі ретінде өзінің субъективтілігі, нақтылығы мен сенімсіздігіне қатысты түрлі пікірталастарды бастан кешірді. Және олар әлі де өзекті, әрі орынды сын ретінде ескеріледі. Өйткені, басқа ғылыми бағыттардағыдай айтылған тарих сұхбаты зерттеу әдісі ретінде түрлі мақсаттар мен ұстанымдар тұрғысынан қолданылуы мүмкін.

Тарихи зерттеулерде дерек көзі ретінде қолданылатын «жадтың» сенімсіздігін басшылыққа ала отырып «айтылған тарихты» сыни талдаулар нысанына айналдырды. Әсіресе, «адам жадының табиғи қартаю үрдісі нәтижесінде тозуы, оның өткен өмірге сағыныш сезімі ықпалымен өзгеріске ұшырау мүмкіндігі «айтылған тарихты» ғылыми зерттеулерде пайдалану қажеттілігін жоққа шығарады» деген ұстанымда болған позитивтік сыншылар белсенділігі 1970 жылдары орын алды. Ескішіл көзқарас желісімен жаңа бағытқа «тарих емес, аңыз жазу. Таңдамалы жад пен субъективизм алаңы» деп баға беруші тарихшылардың қатары аз емес еді (O'Farrell P. 1982: 83).

«Айтылған тарихшылар» өз кезегінде, жазбаша деректердің басым бөлігі бастапқыда

айтылған формада болғандығын атап көрсете келе, «айтылған тарих» материалдарының сенімділік деңгейін талдау және бағалау ісінде басшылыққа алынатын арнайы нұсқаулар жасады. Ұзақ ізденістер нәтижесінде ұсынылған басшылыққа алынатын принциптер жинағын жасауда «айтылған тарихшылар» түрлі ғылымдар тәжірибесіне жүгінді; әлеуметтік психология мен антропология теорияларына сүйене адам жадының ақпаратты ағат қабылдау және бұрмау жағдайын, ретроспекция деңгейі мен сұхбат алушының есте сақтау қабілетіне әсер ету мүмкіндіктерін анықтау жолдарын ұсынды. Әлеуметтану ғылымынан іріктеу көрнекілігі әдістері, тарихтан дерек көздердің ішкі үйлесімділік пен сенімділік деңгейін анықтау тәртіптері алынды.

Пәнаралық сипатта даму жолында тұрған айтылған тарих «зерттеушілер субъектілігіне объективті көзқарас» орнату маңыздылығына ерекше көңіл бөліп, сұхбат сапасы мен материалдарды интерпретациялау ісін жетілдіру үшін ескерілу керек маңызды мәселелерді айтылған тарихшылар назарына ұсынды (Yow, 1997: 55–79).

Қазіргі заманғы көрнекті айтылған тарихшылардың бірі, профессор Алиастар Томпсон пікірінше «айтылған тарих» теориясы, әдісі мен сапалы зерттеу ұстанымдарын сапалық жетілдіруде әлеуметтану, антропология, биографиялық және әдебиеттану зерттеулері, талдау психологиясы, мәдениеттану, лингвистика, коммуникативті және нарративті зерттеулер негізі, фольклор зерттеу негіздері және басқа да көптеген пәндердің теориялық және әдіснамалық талдамаларының ықпал күшті болғанымен, өзіндік әдіснамалық негіз айтылған тарихпен айналысушы ғалымдардың қажырлы еңбектері мен ізденістері нәтижесінде қалыптасқан (Thomson, 2007: 63–64).

«Айтылған тарихқа» сыни көзқарас білдірушілер қатарында әлеуметтік тарих өкілдері де болды. Әсіресе, 1970 жылдардың аяғы – 1980 жылдардың бас кезінде «айтылған тарих» әдісінің тым радикалдық және демократиялық сипатын кемшілік ретінде қарастыру керек деген пікір үстемдік танытты. Passerini, 1983:74, Murphy, 1986: 157. Johnson, 1982; 20).

Итальяндық ғалым, айтылған тарихшы Алессандро Потеллидің жарыққа шыққан «What Makes Oral History Different» (Айтылған тарихтың ерекшеліктері) атты ғылыми мақаласында: айтылған тарихтың артықшылығы – жадтың деректік алуантүрлілігі мен сұхбат беруші және

респондент байланыстылығында, оны проблема емес, ресурс ретінде қарастыру ғалымдар мүддесінде деген ұстанымдағы «жадтың сенімсіздігіне» қатысты сыни пікірлерге ғылыми негізделген жауап берілді (Portelli, 1998: 63–74).

Тек «айтылған тарих» емес, барлық дерек көздеріне сыни тұрғыдан талдау талап етілетіндігі баршаға мәлім. Сапалы зерттеу кепілдігі түрлі сипаттағы дерек көздерін өзара салыстыра отырып қорытындылау болғандықтан, «айтылған тарих» ғылыми зерттеу барысында қолданылуға ұсынылатын көптеген дерек көздерінің бір түрі ретінде ұсынылады. Ол мұрағаттық құжаттар мен мерзімдік басылымдар материалдарымен қатар ескерілуі қажет. Өйткені, тек жазбаша дерек көздеріне негізделі жазылған жұмыс, бір ғана айтылған тарих деректерге сүйене берілген тұжырымға тең.

«Айтылған тарих» материалдарын өзге дерек көздерімен үйлесімдікте ғылыми зерттеулерде пайдалану нәтижелілігі тәжірибе негізінде дәлелденуі оның жаңа мүмкіндіктеріне назар аудартты. Зерттеушілер бұған дейін айтылған тарихтың басты кемшілігі деп қабылданған «жадтың субъективтілігі» керісінше, оның артықшылығы деген тұжырымға келді. Зерттеу барысында субъективті көзқарасты ескеру адамның өмірлік тәжірибесінің тарихи маңыздылығын, бүгінгі күн мен өткен тарих, жад пен бірегейлік, жеке естелік пен ұжымдық естелік арақатынастарын анықтау мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Осылайша, 1970 жылдарда айтылған тарих «жадты» (memoir) зерттеу пәні әрі дерек көз ретінде қарастырылып, сұхбат материалдарын талдау, зерттеу жұмыстарында пайдалану ісінде түрлі тәсілдерге жүгінді: этнографиялық, лингвистикалық, психоаналитикалық, мәдени, әңгімелеу және т.б. (Slim, 1998:114).

«Айтылған тарих» халықаралық қозғалысы

1980 жылдардан бастап халық жадында сақталған естеліктерді ақпараттық-насихаттау қызметтерін жүзеге асыру және адам құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында пайдалану жағдайында да айтылған тарих ықпалы мен саяси масштабы салыстырмалы түрде шектеулі еді. Түрлі жас ерекшеліктегі ұрпақтар тарихы, денсаулық сақтау, әлеуметтік жәрдем және дамыту, маргинальді топ өкілдері тарихы, жергілікті халық құқықтары, ұлттық шындық пен қайшылықтарды шешу мәселелеріне қа-

тысты саяси және құқықтық үрдістерде ауызша куәгерліктерді пайдалану орын алды.

Алайда, жоғарыда көрсетілген елеулі жетістіктерге қарамастан, 1980-1990 жж. «айтылған тарихтың» даму тарихында *биографиялық дәуір* ретінде белгіленеді. XX ғ. тарихында орын алған қасіретті оқиғалар нәтижесінде зардап шеккен халық үнінің ғылыми зерттеулерінде жаппай сипат алу нәтижесінде «айтылған тарих» ұлттық сана сезім, халықтық жадқа қатысты жүргізілетін саясатқа ықпал ету мүмкіндігіне ие болды. Мәселен, Аустралияда «Stolen Generation» («Ұрланған ұрпақ») тақырыбында жүзеге асырылған айтылған тарих жобасы бойынша жарияланған автобиографиялық материалдар ұлттық зерттеу комиссия мен сот материалдары ретінде қарастырылған. 1970 жылдарға дейін жүргізілген мемлекеттік саясат құрбандары болып табылатын аустралиялық аборигендер балаларының естеліктерін жинау 1998-2002 жж. қолға алынды. Науқан нәтижесінде атаулы саясаттан зардап шеккен Аустралияның байырғы тұрғындарының тарихы, қазіргі жағдайдағы бейімделу үрдістері, жаңа тенденциялардағы жергілікті халықтың гендерлік тарихы сияқты тақырыптарда көптеген жобалар жүзеге асырылып, іргелі зерттеулер орындалды. Ал, 2004 жылы басталып өз нәтижелерін 2012 жылы қорытындылаған «The Forgotten Australians and Former Child Migrants Oral History» («Ұмытылған аустралиялықтар және мигранттық балалық шақ») атты жобаға қатысушы тарихшылар айтылған тарих әдістемесі қолданылған арнайы дайындықтан өткізілген. Жинақталған 200-ден астам сұхбат Аустралияның Ұлттық кітапханасынан «You Can't Forget things Like That» («Ұмытуқиынөмірқырларь») коллекциясы ретінде орын алды. Аустралия тарихында орын алған саясат нәтижесінде балалық шақтарында зорлықпен «қоғамдандыруға» ұшыраған 500 000 балалардың тағдыры тарихи зерттеулер тақырыбына айналды (Айтылған тарих, 2015: 104-105). Холокост, түрлі саяси режим, азаматтық теңдік үшін күрес құрбандарының және т.б. тақырыптар негізінде жүргізілген зерттеу жобалары негізінде жарияланған автобиографиялар легінің көбеюі «айтылған тарихтың» саяси жад тарихын зерттеуде өзіндік орнын анықтап берді.

Академиялық пән ретінде «айтылған тарихтың» қалыптасуы 1980-1990 жылдарға сәйкес келеді. Бастапқыда дүние жүзі бойынша бірқатар университеттер оқу бардарламаларында ұсынылатын көптеген қосалқы пәндердің

қатарына қосса, уақыт өте келе айтылған тарихты тұтас мамандық деңгейіне көтерген білім ордалары да кездеседі. Академиялық айтылған тарих орталықтарының қалыптасуына ғылыми бағыттың іргелі негізінің қалыптасу үрдісі жеке-леген елдерде емес, халықаралық сипатта жүруі ықпал етті (Vanek, 2013: 113-122).



1-сызба – «Айтылған тарих» функционалдық ерекшеліктері

Қорытынды

Айтылған тарих ғылыми бағыт ретінде пайда болуы мен қалыптасу тенденциялары халықаралық деңгейде жоғарыда аталған жалпы себептермен негізделгенімен даму үрдісі әр елде өзіндік ерекшелігіне тән сипатта жүрді. Мәселен, Батыс Еуропа және Солтүстік Америкада айтылған тарихтың даму бағыттарын демократиялық қоғамда бірегейлік мәселелері мен әлеуметтік тарихи зерттеулермен байланыста сипатталады; Америка Құрама Штаттары тәжірибесінде айтылған тарих азаматтық теңдік үшін күрес пен ғылымды кәсіпкерлікпен ұштастыру ұмтылыстарымен ерекшеленсе, Ұлыбританияда басты тенденция жұмысшы тап пен мәдени ерекшеліктерді зерттеу бағытында еді. Скандинавия елдерінде айтылған тарих этнографиялық зерттеулермен тығыз байланыста дамып, пәнаралық зерттеулер жүргізуде үлкен сұраныста болды. Ал, Шығыс және Орталық Еуропа мемлекеттерінде айтылған тарих коммунистік блоктың құлдырауынан кейін өзекті мәселеге айналған ресми нұсқада жазылған тарихты сыни көзқарас тұрғысынан қайта қарастыру науқанында нәтижелілігімен ерекшеленді. Саясат үстемдігі күшті Латын Америка елдерінде айтылған тарих бағытында сая-

си мазмұндағы тақырыптарда зерттеу жүргізу тәжірибесін қайта қарастыруға ықпал етті.

Алайда, бұл елдердің тақырыптық зерттеу бағыттары мен пәндері өзара ерекшеленсе де, айтылған тарихты қолданысқа енгізу мақсат – се-

бептері ортақ еді. Бұған дәлел ретінде қазіргі таңда айтылған тарих бойынша жазылатын теориялық-әдістемелік жұмыстар негізі ретінде «Халықаралық Айтылған тарих Ассоциациясының» нұсқаулық стандарттарының мойындалуы.

Әдебиеттер

- Айтылған тарих. (2015). Оқу құралы / Қойгелдиев М.Қ. және т.б. – Алматы: Дәстүр, 2015.
- Vanek M. (2013). *Around the Globe: Rethinking Oral History with Its Protagonists.* – Prague: Charles University Press.
- Yow V. (1997). «Do I Like Them Too Much?» Effects of the Oral History Interview on the Interviewer and Vice-Versa // *Oral History Review*, №24, 55–79 pp.
- Mahoney J., Rueschemeyer D. (2003). *Comparative Historical Analysis in the Social Sciences.* – Cambridge: CUP.
- O’Farrell P. (1982). *Oral History: Facts and Fiction* // *Oral History Association of Australia Journal*, №5, 83 p.
- Passerini L. (1979). *Work Ideology and Consensus under Italian Fascism.* *History Workshop Journal*, № 8, 82-108.
- Murphy J. (1986). *The Voice of Memory: History, Autobiography and Oral Memory.* *Historical Studies*, № 87, 157-175 pp.
- Portelli A. (1998). *What makes Oral History different?* in *The Oral History Reader* ed. by Robert Perks, Alistair Thomson. London: Routledge.
- Репина Л. (1998). «Новая историческая наука» и социальная история. – Москва: ИВИ.
- Slim H., Thomson P. (1998). *Listening For a Change: Oral History and Development in The Oral History Reader* ed. by Robert Perks, Alistair Thomson. – London: Routledge.
- Thomson A. (2007). *Four Paradigm Transformations in Oral History.* *The Oral History Review* № 34, 49–70.
- Thompson P. (2000). *Voice of the Past: Oral History.* – Oxford: OUP.

References

- Aytilgan tarihi. (2015). *Oky kurali /Koigeldiev M. zhane baskalar [Koigeldiev and others].* – Almaty: Dastur.
- Vanek M. (2013). *Around the Globe: Rethinking Oral History with Its Protagonists.* – Prague: Charles University Press.
- Yow V. (1997). «Do I Like Them Too Much ?» Effects of the Oral History Interview on the Interviewer and Vice-Versa. *Oral History Review*, №24, 1997, 55–79 pp.
- Mahoney J., Rueschemeyer D. (2003). *Comparative Historical Analysis in the Social Sciences.* Cambridge: CUP, 2003
- O’Farrell P. (1982). *Oral History: Facts and Fiction.* *Oral History Association of Australia Journal*, №5, 83 p.
- Passerini L. (1979). *Work Ideology and Consensus under Italian Fascism.* *History Workshop Journal*, № 8, 82-108.
- Murphy J. (1986). *The Voice of Memory: History, Autobiography and Oral Memory.* *Historical Studies*, № 87, 157–75 pp.
- Portelli A. (1998). *What makes Oral History different ?* in *The Oral History Reader* ed. by Robert Perks, Alistair Thomson. London: Routledge.
- Repina L. (1998). «Novaya istoricheskaya nauka» I socialnaya istoria [New historical science. And social history]. Moskva: IVI.
- Slim H., Thomson P. (1998). *Listening For a Change: Oral History and Development in The Oral History Reader* ed. by Robert Perks, Alistair Thomson. London: Routledge.
- Thomson A. (2007). *Four Paradigm Transformations in Oral History.* *The Oral History Review* №34, 49–70.
- Thompson P. (2000). *Voice of the Past: Oral History.* Oxford: OUP.